

2016 жылға Ерейментау ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № а-12/602 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 қаңтарда № 5169 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № а-4/152 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 20.04.2016 № а-4/152 (қол қойылған күнінен бастап күшінен енеді және қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 5-бабының 2-тармағына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылға Ерейментау ауданындағы халықтың нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық);
- 2) туберкулез, онкологиялық аурулар, жүрек-қан тамырларының ауруларымен, адамның иммун тапшылығы вирус инфекциясын жұқтырғандар, жұқтырылған иммун тапшылығы синдромымен ауыратын тұлғалар;
- 3) маусымдық жұмыстардың аяқталуына байланысты еңбек шартының мерзімі аяқталған тұлғалар;
- 4) бұрында жұмыс істемеген тұлғалар (жұмыс өтілі жоқ);
- 5) оңалту және емдеу курсынан өткен, есірткіге тәуелді адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Е.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК